КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

21 қаңтар 2026 жыл іс №7119-25-00-2-15414 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК

ЖАУАПКЕР:
ЖК Ахмедов Жалоир Бахадирович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК жауапкер ЖК Ахмедов Жалоир Бахадировичке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

ЖК Ахмедов Жалоир Бахадирович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

ЖК Ахмедов Жалоир Бахадировичтен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Документ подписан: Нурсапинов Н. С., 21.01.2026

Дата вступления в законную силу: 02.03.2026, судья Нурсапинов Н. С., 11.03.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -

7/119-25-3-1/15693